

## ҰЛТЖАНДЫ ҰРПАҚ ТӘРБИЕЛЕУ – БАСТЫ МІНДЕТ

Бүгінгі жастардың қоғамдық өмірден еш уақыт қол үзбей, өз елін сүюге, салт-дәстүр мен әдет-ғұрпын білуге тәрбиелеуге бүгінгі педагогика ғылымдарының алдында тұрған зор міндеттердің бірі. Қай ғасырда болсын ұлт өмірін өркендетуші саналы да салауатты, ұлтжанды, рухы биік парасатты ұрпақты тәрбиелеу – қоғам алдындағы басты міндеттердің бірі. Сонымен қатар өз елінің рәміздерін, Ата заңын білуге, әрі құрметтеуге әрбір азамат міндетті. «Бүгінгі өскелең ұрпақ нағыз білімді, жан-жақты дамыған, бірнеше тілді меңгерген, нағыз өз елін сүйетін, ұлтжанды азамат болуы керек», – деп атап өткен болатын елбасы Н.Ә.Назарбаев.

Әл-Фараби атындағы ҚазҰУ-дың «Sanaly Ugraq» жобалық кеңсесінің алаңында білім және ғылым саласындағы сыбайлас жемқорлыққа қарсы ұсыныстардың 1-ші раундын іске асыру барысы талқыланды, сондай-ақ жоғары оқу орындарында Сыбайлас жемқорлыққа қарсы технологияларды енгізуді бағалау бойынша сыбайлас жемқорлық тәуекелдері картасының электрондық платформасы таныстырылды.

Аталған кеңеске Алматы қаласының жоғары оқу орындарының өкілдері, «Сыбайлас жемқорлыққа қарсы технологиялар» ҒЗИ сарапшылары қатысты.

«Sanaly Ugraq» жобалық кеңсесінің жетекшісі Қайыржан Токушев, агенттік біздің қоғам өмірінің барлық салаларында, соның ішінде жоғары оқу орындарының қызметінде сыбайлас жемқорлық тәуекелдерін жою бойынша мақсатты түрде жұмыс жүргізіп жатқанын, талдау қорытындысы бойынша тиісті ұсыныстарды енгізетінін атап өтті.

Жоғары оқу орындарының өкілдері сыбайлас жемқорлыққа қарсы ұсыныстардың орындалуы туралы есеп берді.

Қорытындылай келе, Алматы қаласы бойынша мемлекеттік қызмет істері және сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс қимыл агенттігінің департамент басшысы Данияр Тамұрат, Агенттік әзірлеген сыбайлас жемқорлыққа қарсы ұсыныстар жоғары оқу орындарының қызметінде сыбайлас жемқорлық тәуекелдерін жою, болашақ мамандарды даярлау сапасын арттыру үшін және ашықтық пен айқындықты орнатуға бағытталғанын айтты.

Айта кету керек, 2018 жылдың 16 қарашасында Қазақстан Республикасының Мемлекеттік қызмет істері және сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл агенттігінің Төрағасы Шлекбаев А.Ж., Алматы қаласының әкімі Байбек Б.Қ., Қазақстан Республикасының Білім және ғылым вице-министрі Аймағамбетов А.Қ. және білім беру мекемелерінің басшыларының қатысуымен ҚР білім және ғылым саласына арналған сыбайлас жемқорлыққа қарсы ұсыныстардың 1 кезеңімен таныстырған болатын.

Есенязов Е., Қосимов Ч.

## ҰСТАЗЫМ, МЕНІҢ ҰСТАЗЫМ



Бүгінгі жазылар ой, біздің ұстазымыз Нұрзада Әбдібекқызына арналады.

Бейсен Нұрзада Әбдібекқызы 1966 жылы Оңтүстік Қазақстан облысында, Ордабасы ауданында дүниеге келген. 1983 жылы С.М.Киров атындағы Қазақ Мемлекеттік университетінің физика факультетіне түсіп, 1988 жылы бітірген. 1988 жылдан 1997 жылға дейін А.С. Пушкин атындағы Орал Педагогикалық институтында оқытушы қызметінде жұмыс істеді. 1997 жылдан 2012 жылға дейін әл-Фараби атындағы Қазақ Ұлттық университетінің физика факультетінің теориялық физика кафедрасында ассистент, аға оқытушы, доцент қызметтерінде жұмыс атқарды. 2012 жылдан «Бөбек» ҰҒПБСО обсерваториясы директоры. 2004 жылы

01.04.02 – теориялық физика мамандығы бойынша кандидаттық диссертациясын қорғады. ҚР БҒМ №595 от 10.05.12 ж. бұйрығымен Н.Ә.Бейсенге «қауымдастырылған профессор» ғылыми атағы берілді.

Н.Ә.Бейсеннің ғылыми қызығушылық бағыты – жалпы салыстырмалық теориясы, релятивтік астрофизика. Республикалық мамандандырылған және шетелдік рецензияланған журналдарда 90-ға жуық ғылыми басылымдары жарияланған.

2006 жылдан физикадан Алматы қалалық мектеп оқушыларының ғылыми жобалар конкурсы комиссиясының төрайымы болып табылады. 2010 жылдан астрономия және астрофизикадан халықаралық олимпиадасының әділ қазылары мүшесі болып табылады.

Н.Ә. Бейсен студенттері және магистранттары арасында Республикалық және халықаралық ғылыми конкурстардың жеңімпаздары бар, оқушыларға арналған «Жер және ғарыш» ғылыми үйірмесінің жетекшісі болып табылады.

Жақында ғана Нұрзада Әбдібекқызы Олжабай Батыр мемориалдық кешенінің ашылуына орай берілген мерекелік медальмен марапатталды.

Н.Ә.Бейсен біз үшін үлгі боларлық біртуар адамдардың, ұстаздардың қатарында. Нұрзада Әбдібекқызын кезекті марапатымен құттықтай отыра, отбасына бақыт, жұмысына табыс, деніне саулық тілейміз.

Нысанбек С., Рахматуллаева А., Курманғалиева В.

## МҰҒАЛІМ МАМАНДЫҒЫ – БАРЛЫҚ МАМАНДЫҚТЫҢ АНАСЫ

Дүниедегі мамандық атаулының төресі – ұстаздық. Әсілі, мұғалім барлық мамандық иесін тәрбиелейтін, оқытып үйрететін мейірімді абзал жандар. «Мұғалім мамандығы – барлық мамандықтың анасы» демекші, ұстаз алдынан тәрбие алмайтын жан жоқ.

«Ұстаз болу – өз уақытыңды аямау, өзгенің уақытын аялау» - деп француз ойшылы Жан Жак Руссо айтпақшы, ұстаздардың еңбегі ерен.

Жаңа оқу жылы түрлі мерекелермен келері сөзсіз. Соның бірі-ұстаздар мерекесі. Ұстаздар мерекесі, шәкірт үшін, өзінің үлгі тұтар ұстазына алғысын жаудырап күндердің бірегейі болар. Осы тұрғыда, біз қара шаңырақ әл-Фараби атындағы ҚазҰУ студенттері болғанымызбен мақтанамыз. Себебі, ең керемет ұстаздар, ол бізде. Әрбірін алып қарасақ, жеке тұлға. Сіздер бізге үлгі бола білдіңіздер. Сіздер себеп бола біліп, бүгінгі таңда біздің ой санамыз өсіп, факультетке тек өз саламызға білім алу үшін ғана емес, өмірге түрлі сабақ алу үшін де келетінімізді енді байқаудамыз.

Бүгін біраз көкейде жүрген ойларды сіздерге ұсынсақ деп едім. Ұстаздарға алғысымызды тек сөзбен емес, өлең жолдарымен де жазып өтсек.

Мұнда отырған шәкірттің шын ниеті,

Сөздің де бар екен ғой құдіреті.

Ұстаздарға алғысты жаудырады,

ҚазҰУ-дың мына тұрған студенті.

Қолманбаев Н.Қ., Рыскелді Д.Д.

## ОРЫНДАЛСЫН АРМАНДАР!

Арманға жетуге деген сенім. Жетістікке жету жолында ең бастысы осы сөзге сену қажет. Армансыз адам болмайды. Сіздің ойыңыздағы, қиялыңыздағы армандар өте көп. Бірақ сіз сол армандарды орындалмайды деп ойлайсыз ыә? Жоқ сіз қателесесіз! Армандар әрқашан орындалады. Бірақ ең алдымен сол арманға жеті үшін МАҚСАТ қоя білуіміз қажет.

Көпшілігі тіпті мақсаттың не екенін де білмей жатады. Ол өзі үшін, болашағы үшін үлкен қателік. Біз қазіргі күннен бастап болашаққа деген мақсатымыз айқын болуы керек. Міне, армандарыңыздың орындалмай жүргені де осыдан. Енді қараңыз, сіз бір қойын кітапша бастаңыз. Соған күнделікті алда істеу керек дүниелеріңізді жазып отырыңыз, және жай жазып қоя салмай, соған жету мақсатында талмай әрекет етіңіз. Жазып қойған мақаттарыңыздың орындалғандарының белгілеп отырыңыз.

Міне, көріп тұрғандарыңыздай бәрі еңбекке тіреледі. Өз армандарыңыздың орындалуы үшін сол мақсатқа жету үшін әрекет ету керек. Қарап тұрсақ ол да қиын нәрсе емес. Бар болғаны өз армандарыңызды орындау.

Қазіргі таңда, біраз жеке өзінің кәсібін ашқан ұстаз, психологтар көбейді. Олардың бір сөзіне келісек, енді біріне келісе алмай жатамыз. Осыған орай, бүгінгі мақаланы мен, жалпы білімге арнағым келді.

Әр адам мектептегі оқуын аяқтағаннан кейін, ЖОО-ның дұрыс таңдауы қажет деп білемін. Бітіруші

түлектердің көбінің дипломы сандықта жатыр, деген әңгіме біраз оқушыға ой салары сөзсіз. Бірақ, ол мүлдем олай емес. Мен осы тұрғыда, өзім оқып бітірген, бүгінгі таңда білімімді ары қарай жалғап жүрген, қара шаңырақ ҚазҰУ-дың студенті болғаныма еш сәт өкінген емеспін. Және де бізбен бітірген кей студенттер, қазіргі таңда өз саласы бойынша жұмыс жасамайды. Бірақ, осы оқу орнына келгенде, тыныш қана отыратын, өз ойын толық жеткізе алмайтын студенттер, университет қабырғасында жүріп, шыңдалып, бүгін біразы өз кәсібін де бастауда. Бұның барлығы ЖОО-да қоғаммен байланыс, жанындағы студенттерге қарап, қызығуы мен ұмтылуына алып келеді. Демек, ЖОО-ның алар орны бөлек. Сол үшін, мектеп бітірер уақытта, оқуға түскім келмейді деп емес, «Қай оқу орнына, қай мамандыққа түссем» деген сұрақ болуы керек.

Қазіргі таңда, еліміздегі ЖОО-ның ішінде көш бастап келе жатқан, ҚазҰУ-да оқу, бір кездердегі арман болатын. Арманым мақсатқа айналып, еңбектің нәтижесінде, бүгін осы мақаланы жазудамын. ҚазҰУ-дың студентке берері мол. Себебі, бүгінгі таңда студенттердің бірі шет елге шықса, енді бірі шет елде оқуларын жалғауда. ҚазҰУ-дағы жүйе, сіздің болашаққа жақсы жол көрсетері анық. Ары қарай, сол жолды жалғау, сіздегі талап пен еңбектің арқасында болады.

Сансызбаев С.Р., Жолдығұлова Т.Р.

## МАҚТАНАМЫЗ СІЗБЕНЕН...

Білім алып, дамудамыз біз деген, Әр уақытта жаңалықты іздеген. Өзіңізден аларымыз көп екен Мақтанамыз мына күні сізбенен, – деп, бұл жолғы мақаламды Буркова Н.А. арнамақпын.

Буркова Н.А. 1978 ж. С.М.Киров атындағы Қазақ мемлекеттік университетінің физика факультетіне үздік бітірді. 1982 ж. ҚазМУ-дың теориялық физика кафедрасында оқытушы, 1989 ж. аға оқытушы, ал 2000 ж. доцент қызметтерін атқарған. 2008 ж. мамандық шифры 01.04.16 – атом ядросы және элементар бөлшектер физикасы бойынша докторлық диссертациясын қорғады. ҚР ЖАК шешімімен оған 2009 жылы физика мамандығы бойынша профессор ғылыми атағы берілді.

Буркова Н.А. көп жылдар бойы «Кванттық физика» курсы бойынша дәріс оқып келеді. Сонымен қатар, «Фотодрольды процестер теориясы», «Элементар бөлшектер физикасы», «Жоғары энергиялардағы ядролық реакциялар», «Атом ядросы теориясына кіріспе» атты арнайы курстарын орыс және ағылшын тілдерінде оқып, дәріс және семинар сабақтарын жүргізеді.

Буркова Н.А. ғылыми жұмыспен қатар,

оқу-әдістемелік жұмыспен де айналысады. Phys. Rev. C, Nucl. Phys. A., J. of Physics, Physics of Atomic Nuclei, Physics of Particles and Nuclei және басқа да жоғарғы рейтингті ғылыми журналдарда жарияланған 180-нен аса ғылыми мақалалардың авторы. Әртүрлі ғылыми конференцияларда баяндамалар жасайды.

Буркова Н.А. бакалавр, магистрлер мен PhD докторанттардың диссертациялық жұмыстарына ғылыми жетекшілік жасайды.

Буркова Н.А. бірлескен авторлықта қазақ және орыс тілдерінде «Векторлық және тензорлық талдау негіздері», «Кванттық механикадан студенттердің өзін-өзі тексеруге арналған тест тапсырмалар жинағы», «Электродинамика. 1-бөлім», «Атом ядросы теориясының негіздері» атты оқу-әдістемелік құралдары жарық көрді.

Буркова Н.А. Қазақстанның нақты ғылымдары бойынша ең көп жарияланған» Дипломымен марапатталған.

Бүгінде 65-ке келген Сіздің деніңізге саулық, үнемі арамызда осылай біліміңізді беріп, білгеніңізді үйретіп жүре беріңіз демекпіз. Сізге барлығы үшін тек рақмет айтамыз.

Абдымаликова Г., Асан Ә., Тоқтарбай С.